

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде үшінші елдермен саудада Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірынғай тізбесінің 2.26-бөліміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 206 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 46-бабына және Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 19-бабына сәйкес Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарларды сипаттау мен код берудің үйлестірілген жүйесінің 7-ші басылымының негізінде Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірынғай тауар номенклатурасының жаңа редакциясының қабылдануына байланысты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде үшінші елдермен саудада Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірынғай тізбесінің 2.26-бөлімінің 2-кіші бөлімі мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Жанбайтын, құрамында темекі немесе қалпына 2404 11 000".  
келтірілген темекі бар жұтуға арналған өнім,

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

M. Мясникович